

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ШЫРАҚБЕК КАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ АКАДЕМИЯСЫ

ҚҰЖАТТАМАЛЫҚ  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БӨЛІМШЕСІ  
№ 187  
20 26 г. 03 03

Бекітемін  
Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрлігі  
Шырақбек Қабылбаев атындағы  
Қостанай академиясының бастығы  
полиция генерал-майоры  
А. Дәрменов  
«23» 03 2026 ж.

«Bilimwave» ААЖ электрондық порталы туралы ереже  
(<https://bilimwave.kz>)

Ғылыми кеңестің отырысында  
бекітілді  
2026 ж. «25» 02  
№ 8 хаттама

## Мазмұны

1. Жалпы ережелер	3
2. Нормативтік сілтемелер	4
3. Белгілер мен қысқартулар	5
4. Жоспарлау	6
5. «Bilimwave» ААЖ	7
6. «Bilimwave» ААЖ қауіпсіздік саясаты	9
7. «Bilimwave» ААЖ қызмет көрсетуі	10

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының (бұдан әрі – Академия) электрондық порталының сапасын бақылау мақсатында әзірленген.

1.2. Осы ереженің талаптары білім беру үдерістеріне қолданылады.

1.3. Осы ереже бойынша барлық жұмыстарды Академия басшылығы, факультет және оқу-әдістемелік орталық бастықтары бақылайды.

1.4. Бұл ережені Академияның барлық профессорлық-оқытушылар құрамы, кафедра және факультет бастықтары орындауы міндетті.

1.5. Бұл ереже Академияның ішкі нормативтік құжаты болып табылады және Академия басшылығының рұқсатымен тексерулер жүргізу кезінде (олардың талабы бойынша) сертификаттау органдарының аудиторларынан басқа тараптарға ұсынылуға жатпайды.

## 2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Бұл ереже келесі нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы.

- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери және арнаулы оқу орындарында оқу-тәрбие процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 52 бұйрығы.

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік ережелерін бекіту туралы» 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарының ақпараттық жүйелері мен интернет-ресурстарына қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2016 жылғы 13 қаңтардағы №21 бұйрығы.

- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің «Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын ақпараттық толтыру ережелерін және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2025 жылғы 31 наурыздағы № 124-НҚ бұйрығы.

### 3. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ISO	халықаралық стандарттау ұйымы
ХС	халықаралық стандарт
СМЖ	сапа менеджментінің жүйесі
ПОҚ	профессорлық-оқытушылар құрамы
СБӨ	Сапа жөніндегі басшылықтың өкілі
АК	Аттестаттау комиссиясы
АҮЖ	Ағымдағы үлгерім журналы
АТО	Ақпараттық технологиялар орталығы
Академия	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы

## 4. ЖОСПАРЛАУ

4.1. «Bilimwave» ААЖ рәсімдерінің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында «Bilimwave» ААЖ қол жеткізу бойынша рөлдерді сәйкес бөлуді жүзеге асырады.

4.2. Ағымдағы жағдайдың сапасын және әдістемелік қамтамасыз етілуін үздіксіз жақсарту мақсатында білім алушыларға, ПОҚ-қа, кафедра бастықтарына және оқу үдерісіне қатысатын басқа да тұлғаларға консультациялар өткізіледі.

5.2. «Bilimwave» ААЖ кіруді жүзеге асыру авторизация (логин және құпия сөз) арқылы жүзеге асырылады.

## 5. «BILIMWAVE» ААЖ

5.1 «Bilimwave» ААЖ – кредиттік оқыту технологиясын автоматтандырудың ішкі жүйелерін қамтитын автоматтандырылған ақпараттық жүйе: білім алушылардың деректер базасын басқару, оқу жетістіктері және оқу процесін қолдау.

«Bilimwave» ААЖ <https://bilimwave.kz> домендік атаумен тіркелген және сервері «Өрлеу» ИТО орналастырылған.

«Bilimwave» ААЖ мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес және олардың базасына негізделген.

Жүйенің функционалдық ерекшеліктері:

- оқытудың барлық түрлеріне арналған академиялық күнтізбелер;

- кредиттік оқыту технологиясы және қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша қызметті ұйымдастыру.

«Bilimwave» ААЖ келесі негізгі мүмкіндіктерді қамтиды:

- пайдаланушы дерекқорын басқару, соның ішінде ПОҚ, білім алушылар, Академия қызметкерлері;

- оқу үдерісін қолдау.

Жүйе оқу процесінің негізгі рөлдеріне арналған виртуалды жеке кабинеттерден (веб-беттерден) және оқу үдерісі туралы барлық ақпаратты сақтайтын ЖОО орталықтандырылған дерекқорынан тұрады. Жеке кабинеттер негізгі еңбекті көп қажет ететін операцияларды жеңілдетеді және автоматты түрде орындайды, бірге ЖОО кең ауқымды міндеттерін шешетін интеграцияланған жүйені құрайды.

5.2 «Bilimwave» ААЖ техникалық қолдауы оны жаңарту және қажетті өзгерістер енгізу үшін әзірлеушімен жұмыстар мен қызметтерді жеткізу туралы жыл сайынғы келісім жасасу (ұзарту) негізінде үздіксіз жүзеге асырылады.

5.3 «Bilimwave» ААЖ бағдарламалық құралға авторлық құқықтар олардың әзірлеушісі - «Bilimwave» ЖШС компаниясына тиесілі.

5.4 Контентке авторлық құқық - барлық оқу материалдары Академияға тиесілі, және әзірлеушінің «Bilimwave» ААЖ ақпараттық мазмұнын қайталауға құқығы жоқ.

5.5 «Bilimwave» ААЖ-да оқу үдерісін басқару.

5.5.1 «Bilimwave» ААЖ-да Академия туралы жалпы және қосымша ақпарат Академияның құрылымдық бөлімшелер арқылы қалыптасады.

5.5.2 Пайдаланушыларды жүйеде авторландыру үшін логиндер мен парольдер беріледі. Профессорлық-оқытушылар құрамына логиндер мен парольдерді оқу-әдістемелік орталық береді. Білім алушыларды логиндермен және парольдермен қамтамасыз етуді тиісті факультет жүзеге асырады. Оқу үдерісі қашықтықтан оқытуға

ауыстырылған кезде логиндер мен парольдер тиісті факультеттің баянаттары негізінде беріледі.

5.5.3 «Bilimwave» ААЖ-да білім алушылардың жеке карточкаларының толықтығын, шынайылығын, өзектілігін бақылауды жеке құраммен жұмыс жөніндегі бөлім жүзеге асырады. Жаңадан келген білім алушылар бойынша мәліметтерді жеке құраммен жұмыс жөніндегі бөлімінің қызметкерлері енгізеді. Білім алушылардың жеке карточкасындағы деректер қажеттілігіне қарай түзетіледі.

5.5.4 Әрбір оқытушы бойынша «Bilimwave» ААЖ-да жеке карточка қалыптастырылады. ПОҚ-тың жеке карточкасында оқытушы туралы ақпарат болады: жеке деректер, байланыс мәліметтері, құжаттар, білімі мен жұмыс тәжірибесі, марапаттары мен тілдері және т.б. Оқытушылар «Білімі мен жұмыс тәжірибесі» бөліміне біліктілікті арттыру және т.б. туралы мәліметтерді енгізеді.

«Bilimwave» ААЖ-да ПОҚ туралы деректер қажеттілігіне қарай жаңартылып отырады.

5.5.5 Кафедра бастықтары «Bilimwave» ААЖ-да ПОҚ-тың жеке деректерінің, біліктілікті арттыру туралы мәліметтерінің шынайылығы мен өзектілігі бойынша жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етеді.

Кафедра бастығы жүйедегі кафедра ПОҚ-ының жеке карточкаларын толтыру бойынша деректердің ұсынылуына жауапты болады, ал оқытушы мәліметтердің толықтығы мен шынайылығына жауапты болады.

5.5.6 Білім беру бағдарламаларын, жұмыс оқу жоспарларын бақылауды және әкімшілендіруді кәсіби даярлау факультеті мен оқу-әдістемелік орталық жүзеге асырады. «Bilimwave» АЖ-да оқу жоспарларын кафедра меңгерушілері ағымдағы оқу жылының ақпан айында қалыптастырады/түзетеді.

5.5.7 Тамыз айында «Bilimwave» ААЖ-да негізгі оқу кезеңіне арналған академиялық күнтізбелер жасалады. Білім алушы кез келген уақытта жеке кабинетінен өзінің академиялық күнтізбесін көру мүмкіндігіне ие.

5.5.8 Жүйеде білім алушылардың білімін бақылау және бағалау балдық-рейтингтік жүйеге негізделген және балдардың пайызбен келесідей бөлінуін қарастырады: ағымдағы және аралық бақылауға пән бойынша жалпы балдар санының 60%-ы, қорытынды бақылауға – 40%-ы бөлінеді.

5.5.9 Жүйедегі ағымдағы үлгерім журналдары білім алушылардың үлгерімі бойынша статистикалық есептерді қоюға, жинақтауға, қарауға, алуға мүмкіндік береді. Жүйе ұсынатын функциялар пайдаланушының құқықтарына байланысты болады.

5.5.10 АҰЖ-ды (ағымдағы үлгерім журналдарын) оқытушылар жүйелі түрде толтырады. Әрбір оқытушы тек өзіне бекітілген журналмен жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

Ағымдағы үлгерім журналын толтырудың дұрыстығына (қойылған балдар мен бағаларға) тікелей оқытушы/емтихан алушы жауапты болады.

Академиялық кезең аяқталғаннан кейін «Bilimwave» ААЖ-ға бағаларды енгізуге немесе бағаларды түзетуге рұқсат етілмейді.

5.5.11 Оқытушылардың «Bilimwave» ААЖ-да ағымдағы және қорытынды бағаларды уақтылы қоюын бақылауды кафедра бастығы жүзеге асырады.

5.5.12 «Bilimwave» ААЖ-да білімді бақылау тестілеу түрінде жүзеге асырылады. Тест сұрақтары — бір дұрыс жауабы бар ашық түрде болады.

5.5.13 Білім беру сапасын мониторингілеу және бақылау (бағалау) бөлімінің қызметкерлері емтихан сессиясы басталғанға дейін «Bilimwave» ААЖ-ға тест тапсырмаларын жүктейді.

5.5.14 Емтихан нәтижелері электрондық журналға қойылады және қорытынды бақылау өткізілген күні білім алушыларға жария етіледі.

5.5.15 Қорытынды емтихан-рейтингтік ведомостар оқытушылар АҮЖ-ға емтихан бағаларын қойғаннан кейін басып шығарылады және кәсіби даярлау факультетінде және білім беру сапасын мониторингілеу және бақылау (бағалау) бөлімінде сақталады.

5.5.16 Білім алушы тестілеуді аяқтауға немесе бөлінген уақыт ішінде тестілеу нәтижелерін сақтауға үлгермеген жағдайда, жүйе тестілеуді автоматты түрде аяқтайды және білім алушыға «қанағаттанарлықсыз» деген баға қояды, яғни пән бойынша қорытынды баға есептелмейді.

5.5.17 Емтихан сессиясы кезеңінде қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайда емтихандарды қайта тапсыруға немесе тестілеуді қайта тағайындауға рұқсат етілмейді.

5.5.18 Оқытушы АҮЖ-ға ағымдағы және қорытынды бақылау бағаларын қою кезінде техникалық қате жіберген жағдайда, оны түзету Академия бастығы орынбасарларының жазбаша рұқсаты бойынша жүргізіледі.

Осы мақсатта оқытушы жіберілген қатені негіздей отырып рапорт (өтініш) жазады.

## **6. «Bilimwave» ААЖ ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫ**

6.1 Серверлерге техникалық қызмет көрсетуді ақпараттық технологиялар орталығының (АТО) қызметкерлері жүзеге асырады.

Серверлер әкімшісінің құпия ақпаратты жария етпеу бойынша өкілеттіктері мен жауапкершілігі оның лауазымдық нұсқаулықтарында көрсетіледі. Әкімші серверлердің бағдарламалық қамтылымының жұмысын қолдауды жүзеге асырады.

Бағдарламалық қамтылымды тек әзірлеушілер тағайындалған жүйелік әкімшімен бірлесіп орнатады.

«Bilimwave» ААЖ-ның резервтік көшірмесі апта сайын жасалады.

6.2 Кабель үзілген немесе желілік концентратор істен шыққан жағдайда, жергілікті желінің осы сегментіне жауапты АТО-ның техникалық қызметі қысқа мерзімде жергілікті желінің жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіруге және мүдделі бөлімшелерді қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу мерзімдері туралы хабардар етуге тиіс.

## **7. «Bilimwave» ААЖ-ға ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ**

7.1 Білім беру порталын әзірлеумен және оған қызмет көрсетумен «Өрлеу» ЖШС компаниясы айналысады.

Жүйелік әкімші («Өрлеу» ЖШС АТО қызметкері) техникалық қызмет көрсету мақсатында «Bilimwave» ААЖ-ның барлық ішкі жүйелеріне толық қолжетімділікке ие.

Оқу-әдістемелік орталықтың қызметкері оқу үдерісін әкімшілендіру мақсатында «Bilimwave» ААЖ-ға толық қолжетімділікке ие.

7.2 Жүйелік әкімшінің «Bilimwave» ААЖ-да орналастырылған қызметтік ақпаратқа өзгерістер енгізуге құқығы жоқ. «Bilimwave» ААЖ-ға кез келген жаңартулар немесе толықтырулар әзірлеушілер тарапынан оқу-әдістемелік орталықтың қызметкерімен бірлесіп енгізіледі.

**Оқытудың ақпараттық техникалық құралдары бөлімінің бастығы  
полиция подполковнигі**



**Т. Кельдибаев**